

ШЕТ АУДАНЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ



ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
ШЕТСКОГО РАЙОНА

ДАРҒА ЖАЛПЫ БІЛІМ
БЕРЕТІН МЕКТЕБІ

ДАРЬИНСКАЯ
ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
ШКОЛА

БҰЙРЫҚ

01.09.2023ж № 44

Дарға кенті

ПРИКАЗ

поселок Дарға

**«Адал ұрпақ» ерікті мектеп
клубын құру туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы», Қазақстан Республикасының Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының» IV – тарауын орындау және Рухани – адамгершілік және азаматтық – патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепшілік «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы құрылсын.
2. Клубтың 2023-2024 оқу жылына арналған іс – шаралар жоспары, бекітілсін.
3. Клуб жетекшісі әрі барлық іс – шаралардың ұйымдастырушысы болып АӘДТ пәнінің мұғалімі Б.Колдасбаев бекітілсін.
4. Клуб секциялары аясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты нығайту бойынша бастамаларды көтермелеу, сыбайлас жемқорлыққа сипаттағы іс – шараларды ұйымдастыру мақсатында 1-4, 5-7, 8-11 сынып оқушылары арасында жауапты педагог қызметкерлер төмендегі құрамда бекітілсін.
 - 4.1. Б.Рустамбекова - тәлімгер
 - 4.2. Г.Кузембаева – әлеуметтік педагог
 - 4.3. К.Кадиркулова - психолог
5. «Парасатты азамат» бұрышы әзірленсін.
6. Бұйрықтың орындалысын қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ф.Даткинаға жүктелсін.

Негізі: ҚР Заңы 2015 ж 18.11, № 410-V

Директор



Р.Жакупова




Дарья жалпы білім беретін мектебінің
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша
«Адал ұрпақ» клубының 2023-2024 оқу жылына арналған жоспары

№	Іс – шаралар атауы	Орындалу мерзімі	Аяқталу нысаны түрі	Жауаптылар
1	«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмыс жоспарын бекіту	Қыркүйек	Жоспарын жасақтау	ДТІЖО Ф.Даткина
2	Ата-аналар жиналыстарына қатысу	Қыркүйек	Анықтама	Мектеп әкімшілігі
3	«Адалдық дүкені» жұмысы	Үнемі	Анықтама	Аға тәлімгер Б.Рустамбекова
4	«Менің көзқарасымдағы жемқорлық» оқушылар арасындағы эссе байқауы	Қазан	Анықтама	ДТІЖО Ф.Даткина Аға тәлімгер Б.Рустамбекова
5	"Сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз" сурет байқауы	Қараша	Анықтама	ДТІЖО Ф.Даткина Аға тәлімгер
6	«Адалдық сағаты» тәрбие сағаты	Желтоқсан	Анықтама	Үйірме жетекшісі Б.Колдасбаев
7	Ата-аналар жиналысын өткізу «Құқықтық тәрбиелеуде және құқықбұзушылықтарға, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа, төзбеу мәдениетін қалыптастыруда отбасының рөлі көрсету» (ұсыныс жасау)	Қаңтар	Хаттама	Әкімшілік Сынып жетекшілер
8	Қамқорлық, қайырымдылық акциясын ұйымдастыру	Қаңтар	Анықтама	ДТІЖО Ф.Даткина Аға тәлімгер Б.Рустамбекова
9	«Сыбайлас жемқорлық және сыбайлас жемқорлықтың салдары» дөңгелек үстелі	Ақпан		Аға тәлімгер Б.Рустамбекова
10	«Мемлекеттік қызмет – елдің мүддесіне адал еңбек» шығармалар байқауын өткізу	Наурыз	Анықтама	Сынып жетекшілер
11	«Қоғамдық тәртіп» пікірталас	Сәуір	Мәлімет	Дебат үйірмесінің жетекшісі А.Ясик

12	«Бес нәрсеге асық бол, бес нәрседен қашық бол» әңгіме	Мамыр	Мәлімет	Аға тәлімгер Б.Рустамбекова
----	---	-------	---------	--------------------------------

Директордың тәрбие ісінің орынбасары



Ф.Даткина

"Адал ұрпақ" ұйымы.

Бағдарлама

Рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру бағдарламасы.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Тұжырымдамалық тәрбиелеу негіздеріне сәйкес дайындалған және бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру бағдарламалары бойынша оқитын балаларға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастыруды қамтитын тәрбие жұмысын жүргізу тәртібін белгілейді.

2. Тәрбие жұмыстың мақсаты және міндеттері

2. Осы Бағдарламаның мақсаты мектепте аса өнегелі, жауапты бастамашыл және әлеуметтік құзырлы азаматты және патриотты қалыптастыру үшін жағдай жасау.

3. Көрсетілген мақсатты іске асыру үшін келесі міндеттер қойылады:

1) рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеуге бағытталған шараларды іске асыру;

2) оқушылардың мемлекеттік билік институттарына сенімін арттыру;

3) оқушылардың саяси-құқықтық білімін қалыптастыру;

4) оқушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқының адамгершілік-этикалық құндылық негіздерін қалыптастыру.

4. Кешенді іс-шаралар өткізу үшін келесі тәрбиелеу түрлері қолданылады:

1) адамгершілік тәрбиелеу моральдық-этикалық қағидаларын қалыптастыруға, әр оқушының сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілікті қалыптастыруға бағытталған;

2) әлеуметтік-құқықтық тәрбиелеу азамат және мемлекет арасындағы қарым-қатынастардың мәні туралы түсінік алуға, құқықтар мен міндеттер туралы білім алуға, құқықтық нормаларды сақтау қажеттілігіне көз жеткізуге, сыбайлас-жемқорлық қоғамдық қауіпін түсінуге бағытталған;

3) эстетикалық тәрбиелеу оқушылардың эстетикалық талғамын және қоршаған ақиқатқа мейірімді және патриоттық көзқарасын тәрбиелеуге жәрдемдесетін оқушылардың өнер, әдебиет туындыларының көркемдігін түсінуін дамытуға бағытталған.

3. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру

5. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру жалпы білім беретін бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу ұйымдарында (бұдан әрі - жалпы білім беретін мектептер) жүзеге асырылады.

6. Тәрбие жұмысына басшылық жасау жалпы білім беретін мектептің басшылығы мен сыныпқа жетекшілік ететін педагогикалық қызметкерлерге жүктеледі.

7. Жалпы білім беретін мектептерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға, яғни сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайтуға, оның ішінде мектеп оқушыларының заң талаптарын сақтауға ынтысқан қалыптастыруға, білім және мәдени деңгейін арттыруға бағытталған іс-шаралар кешені өткізіледі.

8. Жалпы білім беретін мектептерде тәрбие жұмысын ұйымдастыруға жәрдемдесетін және қатысатын «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубтары құрылады.

9. Тәрбие жұмысының ұйымдастырушылық негізі:

1) жалпы білім беретін мектептің тәрбие жұмысының тиісті оқу жылына арналған кешенді жоспары;

2) сыныпқа жетекшілік ететін педагогикалық қызметкердің тәрбие жұмыс жоспары;

3) «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмыс жоспары болып табылады.

10. Осы бағдарламаның 9-тармағында көрсетілген жоспарлар Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша модельдік тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес қалыптастырылады (қоса тіркелген).

11. Жоспарларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған тәрбие жұмыстың, күнтізбелік іс-шаралар өткізудің, қоғамдық ұйымдармен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы уәкілетті орган және өзге де мемлекеттік органдармен өзара әрекеттестіктің негізгі бағыттары көрсетілген.

12. Тәрбие жұмысын жүргізуде азаматтар, қамқоршылық кеңестер, ата-аналар комитеттері, қоғамдық бірлестіктер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы уәкілетті орган және өзге де мемлекеттік органдар қатыса алады.

4. «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубтары

13. «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубтарының негізгі міндеттері мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты нығайту бойынша бастамаларды көтермелеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы іс-шараларды ұйымдастыру болып табылады.

14. «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубтары келесі секциялардан тұрады: сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім; сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық; мәдени-көпшілік іс-шаралар.

15. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім секциясы дәрістерді, «дөңгелек үстелдерді» және басқа да ағартушылық іс-шараларды ұйымдастыруға қатысады.


16. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық секциясы үздік бейнероликтер, суреттер, шығармалар байқаулары мен іс-шараларын ұйымдастыруға қатысады.

17. Мәдени-бұқаралық іс-шаралар секциясы акциялар, флэш-мобтарды, диалог алаңдар, қоғамдық, ардагерлер ұйымдарының, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдерімен кездесулер және басқа да әлеуметтік-маңызды іс-шараларды ұйымдастыруға қатысады.

Дарья жалпы білім беру мектебі
2023-2024 оқу жылы

«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмысы туралы ақпарат

Мектебімізде «Адал ұрпақ» клубы жұмыс жасайды. Қыркүйек айында клубтың жоспары жасалып, бекітілді. Клубтың негізгі мақсаты: жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру, жемқорлыққа төзбеушілікті нығайтуға ынталыларды мадақтау, жемқорлыққа қарсы сипаттағы шараларға қатысу. 6 қыркүйек күні 5-11 сынып оқушылары аралығында адалдық сағаты өткізілді. Ахмет Байтұрсынұлы ағартушы, турколог, ғалым, ақын, аудармашы А.Байтұрсынұлы шығармалары арқылы оқушылар шыншыл, еңбексүйгіш, Отанына адал, елінің дәстүрін жалғастырушы азамат болуға тәрбиелеу.




28 қазан мектеп оқушыларымен Қазақстан КВН Одағының Президенті Есентүгел Елеукенмен «Адалдық сағаты» өтті. Оқушылар бейнероликті көре отырып Е.Елеукен мырзаның әр сөзін жадыларына тоқып, ерекше әсер алды. «Адалдық деген не?», «ұлтжанды адам деп кімді айтуға болады?» деген сауалдарға адалдық ол-шынайылық, ал ұлтжанды адам –шаршы топтың алдында әдемі сөйлеу емес, ұлтына адал қызмет ету деп өз пікірін білдіре келе, қазіргі жастар бойынан білім мен қабілеттілікті көргім келеді. Жетістікке жету үшін еңбек пен шыдамдылық қажет, соңында еңбек, істің нәтижесі көрінеді. Қазіргі жастарға айтар кеңесім-білімді болу, жақсы орта қалыптастыру, іздену және шыдамды болу. Бейнероликтен кейін оқушылар арасында қорытынды жасалды. Әр оқушы алға қойған өмірлік ұстанымдарын айтып, болашақта өз ұлтына адал қызмет етуге мақсат қойды. Адалдық сағатынан оқушылар шынайылық пен шыдамдылыққа, адал еңбек етуге және бойларындағы қабілетті шыңдай білуге үйренді.




Қараша айында мектеп оқушыларымен Қарағанды облысы «Жас Отан» жастар комитетінің төрағасы Ержан Хамитовпен «Адалдық сағаты» ұйымдастырылды. Оқушылар бейнероликті көре отырып Ержан мырзаның әр сөзін жадыларына тоқып, ерекше әсер алды. «Адалдық деген не?», «ұлтжанды адам деп кімді айтуға болады?» деген сауалдарға


адалдық ол-шынайылық, ал ұлтжанды адам –шаршы топтың алдында әдемі сөйлеу емес, ұлтына адал қызмет ету деп өз пікірін білдіре келе, қазіргі жастар бойынан білім мен қабілеттілікті көргім келеді. Жетістікке жету үшін еңбек пен шыдамдылық қажет, соңында еңбек, істің нәтижесі көрінеді. Қазіргі жастарға айтар кеңесім-білімді болу, жақсы орта қалыптастыру, іздену және шыдамды болу. Бейнероликтен кейін оқушылар арасында қорытынды жасалды. Әр оқушы алға қойған өмірлік ұстанымдарын айтып, болашақта өз ұлтына адал қызмет етуге мақсат қойды. Адалдық сағатынан оқушылар шынайылық пен шыдамдылыққа, адал еңбек етуге және бойларындағы қабілетті шындай білуге үйренді.



Қараша айында «Адал ұрпақ» жобасы аясында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында сурет байқауы өткізілді.



Сонымен қатар мектебімізде «Адал ұрпақ» жобасы аясында «Жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыбына суреттер байқауы өтті. Оқушылар жемқорлықсыз өмірді қылқалам арқылы ақ қағаз бетіне түсіре отырып, «адалдық, парасаттылық, әділдік пен сенім» құндылықтарын бойларына сіңіре білді.



Мектебімізде ай сайын «Адалдық дүкені» жұмыс жасайды. Оқушылар дүкеннен өздеріне керек мектеп құрал-жабдықтарын тиімді бағаға сатып алады. Дүкенде еш сатушы жоқ, оқушылар алған заттарының ақшасын өздері төлеп белгіленген жерге қойып жатты. Дүкен

ұйымдастырудағы негізгі мақсат-оқушыларды адалдыққа, әділдікке тәрбиелеу,
жемқорлықтың алдын-алу.